

# Ең жақсы шырын!



4787160

**Ортадан тепкіш  
шырынсыққыш КТ-1112**

Егер техникамызды пайдалануға байланысты қиындықтар туындаса, дүкенге жүгінер алдында Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуыңызды сұраймыз:

**8-800-775-56-87**

(дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 бен 17:30 аралығы)

**info@kitfort.ru**

Біз құрылғы жұмысының ерекшеліктері туралы айтып, кез келген басқа сұрақтар бойынша кеңес береміз

## Мазмұны

Жалпы мәліметтер .....	4
Жиынтықтамасы	4
Шырынсыққыштың құрылысы	5
Жұмысқа дайындау және пайдалану	7
Шырынсыққышты тазарту және күтім жасау	10
Күтім жасау және сақтау	10
Ақауларды жою	10
Техникалық сипаттамалары	11
Сақтық шаралары	12
«Китфорт» басқа тауарлары	14

## Жалпы мәліметтер

Ортадан тепкіш шырынсыққыш дәрумендер, аминқышқылдар және минералдар сияқты барлық пайдалы құрамбөліктерді сақтай отырып, жемістерден, көкөністерден және көк-сөктен шырын сығуға мүмкіндік береді. Шырынсыққышты жинау оңай және қолданғаннан кейін жай ғана жуылады.

Орталықтапкіш шырынсыққышта центрифуга арқылы шырын сығу технологиясы қолданылады. Өнім алдымен арнайы дөңгелек үккіш арқылы ұсақталады. Содан кейін өнім центрифуга қағидаты бойынша жасалған сүзгіге келіп түседі, мұнда жоғары айналымда үккіштен өткен «құрғақ» өнімнен (күнжарадан) шырын бөлінеді де, шырын жинау сыйымдылығына келтеқұбыр арқылы жіберіледі. Ал күнжара сүзгіш арқылы арнайы сыйымдылыққа шығарылады.

КТ-1112 шырынсыққышта қозғалтқышты бірқалыпты іске қосатын электронды схема бар, бұл қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін арттырады және шырынсыққыштың механикалық бөліктерінің тозуын азайтады.



Ортадан тепкіш шырынсыққыш кез-келген жемістерді, көкөністерді және көк-сөкті сығуға мүмкіндік береді. Жүктеу мойнының диаметрі үлкен болғандықтан, тұтас алма, сәбіз және т. б. сияқты ірі өнімдерді салу мүмкіндігі бар.

Шырынға арналған контейнерде көбікті шырыннан бөлуге арналған алынбалы декантер көзделген.

## Жиынтықтамасы

1. Шырынсыққыш:
    - Мотор бөлігі — 1 дана.
    - Ыдыс — 1 дана.
    - Сүзгі — 1 дана.
    - Үстіңгі қақпақ — 1 дана.
  2. Итергіш — 1 дана.
  3. Күнжараға арналған контейнер — 1 дана.
  4. Декантері бар шырынға арналған контейнер — 1 дана.
  5. Пайдалану нұсқаулығы — 1 дана.
  6. Кепілдік талоны – 1 дана.
  7. Коллекциялық магнит – 1 дана. \*
- \*Опция түрінде.

## Шырынсыққыштың құрылысы



**Режимдер:**

**SOFT FRUIT** — жұмсақ жемістерді сығуға жарамды.

**VEG PROCESS (Vegetable Process)** — жұмсақ көкөністерді өңдеу. Мысалы, тұздық жасау қажет болған кезде, қызанақты сығуға және мәйегінен қабығын бөлуге жарамды.

**BLEND MILL** — шырындарды араластыру. Алма + сәбіз сияқты шырындардың қоспаларын дайындауға қолайлы.

**APPLE** — алма сығуға қолайлы.

**HARD VEG (Hard Vegetables)** — қатты көкөністерді сығу. Сәбізді, қызылшаны, қиярды сығуға қолайлы.

**Құрылымның сипаттамасы:**

Шырынсыққышта коллекторлы айнымалы ток қозғалтқышы орнатылған. Ол жоғары жылдамдықты дамытады (16000 айн / мин) және осының арқасында центрифугада шырын тиімді сығылады.

Қозғалтқыш білігінде тербеліс мойынтіректері қолданылады. Тербеліс мойынтіректері жылдамдықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді және сырғыма мойынтіректерге қарағанда шырынсыққыштың сенімділігін арттырады.

Шырынсыққыштың құрылымында шырынсыққышты бөлшектелген немесе дұрыс жиналмаған кезде қосылудан қорғайтын қауіпсіздік қосқышы бар. Шырынсыққыш қақпаққа кигізілген бұғаттау тұтқасынсыз іске қосылмайды. Бұғаттау тұтқасын қақпаққа орнатқан кезде, корпустың ішінде орналасқан жасырын қауіпсіздік қосқышы басылады. Егер қақпақ орнатылмаған немесе дұрыс орнатылмаған болса, шырынсыққыш іске қосылмайды.

Шырынсыққыш корпусы ауыр жүктемелерге төтеп бере алатын берік пластиктен жасалған. Корпустың сыртқы бөліктері тот баспайтын болаттан жасалған. Ластанған жағдайда оларды майлықпен немесе губкамен оңай сүртуге болады. Қозғалтқыш резенке аспалар арқылы корпустың жоғарғы бөлігіне бекітіледі, бұл шырын сығу кезінде корпусқа бұрау жүктемесін азайтады, шу мен діріл деңгейін азайтады.

Ыдыс, қақпақ және итергіш тағамдық төзімді пластмассадан жасалған және шырын сығу кезінде туындайтын жүктемелерге төтеп береді. Ыдысы түссіз, сондықтан сіз айналдыру процесін егжей-тегжейлі көре аласыз. Шырынға арналған контейнер түссіз, ал бүйірінде өлшеу шкаласы бар, сондықтан сіз әрқашан сығылған шырынның көлемін оңай анықтай аласыз.

Сүзгі пластмасса бекіткіштері бар тот баспайтын болаттан жасалған, ол оны берік және тот басуға төзімді етеді. Сүзгі оңай шығарылып, орнатылады.

Аяқтары сорғыш түрінде жасалған, олар шырынсыққышты үстелде ұстап тұрады, итергенде кезде оның қозғалуына жол бермейді және жұмыс кезінде пайда болатын тербелістерді болдырмайды.



Шырынсыққышты жинау және бөлшектеу шамамен бір минутты алады.

## Жұмысқа дайындау және пайдалану

Алғашқы қолданар алдында шырынсыққышты бөлшектеңіз және барлық алынбалы бөлшектерін және сыйымдылықты жылы сумен және түрпілі емес жуғыш құралмен жуыңыз. Сумен мұқият шайып, құрғатыңыз. Бұл сақтау кезіндегі шаң мен өндірістік майлаудың іздерін кетіреді. Шырынсыққыш корпусын дымқыл шүберекпен сүртіңіз және қосар алдында мұқият құрғатыңыз.

### Құрастыру

1. Ыдысты мотор блогына орнатыңыз. Шырын шығатын келтекұбырдың мотор блогы корпусындағы ойыққа түсуін қадағалаңыз.
2. Сүзгіні ыдысқа орнатыңыз. Сүзгіні мотор білігіне мықтап орналастыру үшін үстінен басыңыз. Сүзгінің еркін айналатынын тексеріңіз.
3. Қақпақты ыдысқа орнатыңыз.
4. Бұғаттау тұтқасын толық бекітілгенше қақпаққа кигізіңіз.
5. Күнжараға арналған контейнерді шырынсыққышқа қарай сәл еңкейтп, күнжара шығатын арнаның астына қойыңыз.
6. Итергішті ыдыстың қақпағына қойыңыз. Итергішті жүктеу ойығына салған кезде қақпақтағы шығыңқыларды итергіштің ойықтарымен туралаңыз.
7. Шырынға арналған контейнерді келтекұбырдың астына қойыңыз, қажет болса, оған декантер орнатыңыз. Келтекұбырды төмен түсіріңіз.



### **Шырын сығу**

1. Сығуға арналған өнімді дайындаңыз. Оларды жуыңыз, қажет болса қабығын аршыңыз, дөнегін алып тастаңыз және қажетіне қарай тураңыз.
2. Шырынсыққышты электр қуаты желісіне қосыңыз. Барлық индикаторлар 1 секундқа жанады. Содан кейін барлық индикаторлар сөнеді де, тек қосу батырмасы жанады.
3. Қажет болса, шырынға арналған контейнерге декантер қойыңыз. Күнжара мен шырынға арналған контейнерлерді қойыңыз.
4. Шырынсыққышты іске қосу батырмасын басу арқылы шырынсыққышты қосыңыз. «Режим таңдау» батырмасы арқылы сығу режимін таңдаңыз. «Старт/Стоп» батырмасын басыңыз. Шырынсыққыш жылдамдық ала бастайды. Жеміс салуды 10-15 секундтан кейін бастай беруге болады.
5. Өнімдерді салу мойнына салыңыз. Егер онда өнімдер кептеліп қалса, оларды итергішпен итеріңіз.
6. Шырын толған контейнерді ауыстырған кезде, бүкіл шырынның ағып бітуін күтіңіз де, контейнерді ауыстырған кезде шырынның үстел бетіне тамып кетпеуі үшін шырын шығатын келтеқұбырды көтеріңіз.
7. Шырын сығу аяқталғаннан кейін «Старт/Стоп» батырмасын басу арқылы жұмысты тоқтатыңыз. Айналу тоқтағанша күтіңіз. Содан кейін шырынсыққышты өшіріп, оны электр қуаты желісінен ажыратыңыз.

### **Сығу бойынша ұсыныстар**

Алдымен шырынсыққышты қосыңыз, оның 10-15 секунд ішінде ең жоғарғы жылдамдыққа дейін үдеуін күтіңіз, содан кейін өнімді салыңыз. Өйтпеген жағдайда, мотор үдеген сәтте білікке күш жетпей қалып, шырынсыққыш істемей қалуы мүмкін. Бұл құрылғының істен шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Өнімді жұмыс істеп тұрған шырынсыққышқа салғаннан кейін, сығу процесі бірден басталады. Күнжараны шығару лезде басталады, ал шырынның шығуы өнімді салғаннан кейін бірнеше секундтан кейін басталады. Бұл шырынның ауырлық күшінің әсерінен ыдыс пен келтеқұбыр арқылы табиғи жылдамдықпен ағуына байланысты.

Өнімді тым көп салмаңыз. Өнім неғұрлым қатты болып, одан күнжара неғұрлым көп алынатын болса, соғұрлым аз өнім салынуы керек. Шырынсыққыштың шырынды сығып, күнжараны шығаруына біраз уақыт кетеді. Егер мөлшерсіз өнім салынатын болса, артық жүктеме туындайды да, сығу сапасы нашарлайды.

Өнімді алдын-ала кеспей, бүтіндей жүктеу мойнына салуға болады. Мысалы, алма, алмұрт. Салу мойнына сыймайтын өнімдер бөліктерге бөлінуі керек. Егер оларды бүтіндей салатын болса, онда олар мойнында кептеліп қалуы мүмкін және оларды алу үшін шырынсыққышты тоқтатуыңыз керек болады. Жидектерді немесе басқа сусымалы ұсақ өнімдерді сыққан кезде, оларды тым көп салмаңыз. Бірдей бөліктермен асықпай салыңыз. Осындай өнімдерді салу үшін қасықты қолдануды ұсынамыз. Жүктеу мойнына өнімді салу үшін ғана

қасықты қолданыңыз, егер қажет болса, ішіне итеру үшін итергішті пайдаланыңыз.

Егер сіз шырынсыққышқа тым көп өнім салатын болсаңыз, ол кептеліп қалады немесе шамадан тыс жүктеме туындайды, шамадан тыс қысым салдарынан шырынсыққыштың құрамбөліктері бұзылуы мүмкін екені есіңізде болсын.

Егер шырынсыққыш кептеліп қалған болса, оны дереу өшіріп, кептелудің себебін жойыңыз. Кептелуді тазартпай, шырынсыққышты қайтадан қосуға тырыспаңыз, себебі бұл ток қорғанысының іске қосылуына немесе мотордың қызып кетуі мен құрылғының істен шығуына әкелуі мүмкін.

Қалыпты режимде өнім шырынсыққышқа ауырлық күшінің әсерімен беріледі, сондықтан жеткізуші мойынның ішінде өнім кептеліп қалған немесе үккішпен ұсталмайтын болса ғана, итергішті қолдану керек. Итергішке қатты күш салмаңыз. Егер сіз өнімді салатын ойыққа итергішпен күштеп итеретін болсаңыз, онда шырынсыққыштың жұмыс режимі бұзылуы мүмкін, артық жүктеме және қозғалтқыштың қызып кетуі орын алады, бұл шырынсыққыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.

Сығу аяқталғаннан кейін шырынсыққышты бірден өшірмеңіз, күнжара мен шырынның толығымен шыққанша күтіңіз, содан кейін өшіріңіз. Бұл содан кейін шырынсыққышты артық күш жұмсамай бөлшектеуге көмектеседі.

Сығар алдында дәнектері қатты жемістердің (қара өрік, шабдалы және т. б.) дәнектерін алып тастау керек, әйтпесе шырынсыққыш зақымдалуы мүмкін. Дәнектері кішірек және анағұрлым жұмсақ жемістерді (алма, айва, жүзім, апельсин, қызыл қаракат, таңқурай және т. б.) дәнектерімен бірге сығуға болады. Тек өнімді салуды реттеңіз, шамадан тыс жүктемеге жол бермеңіз және шырынсыққыштың күнжараны шығарып үлгеруін қадағалаңыз, өйткені дәнектер сайып келгенде күнжараға кетеді.

Дәнектері бар жемістерді сығу кезінде олар уатылуы мүмкін және өзектеріндегі заттар шырынға түседі. Мысалы, бұл жүзім дәнектерімен болуы мүмкін. Дәнектерді уату жемістердің сұрпына және пісу дәрежесіне байланысты.

Жұмсақ өнімдерді сығу кезінде шырынмен бірге мәйек шығуы мүмкін. Сондай-ақ сәбіз, қызылша шырыны және кейбір басқа өнімдердің шырынында аздаған мәйек болуы мүмкін. Бұл иірмекті шырынсыққыш жұмысының ерекшелігі болып табылады байланысты және ақаулық деп саналмайды. Шырынға түсетін мәйектің мөлшері сығылатын өнімдердің сұрпына, пісу дәрежесіне және шырындылығына байланысты. Сондай-ақ жүктеу мойнына өнімнің салыну қарқындылығы шырындағы мәйектің мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Көп немесе керісінше, аз салып көріңіз.

Шырынның сыйымдылығына орнатылған декантер сығу кезінде түзілетін көбікті бөлуге арналған. Шырынды сыққанға дейін декантерді ыдысқа орнату керек. Сығылған шырын келесіде болған кезде, декантер стаканға шырынмен бірге көбіктің түсуіне жол бермейді. Декантер құрылымының арқасында шырын түбінен шүмекке ағып, көбіксіз шырын алынады. Декантерді қолдану міндетті емес, өз қалауыңыз бойынша әрекет етіңіз.

## Шырынсыққышты тазарту және күтім жасау

Корпусты құрғақ немесе дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Жуу үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз.

Шырынсыққышты бөлшектеу үшін алдымен қақпағын алыңыз. Егер қақпаққа күнжара жабысып қалса, оны алып тастаңыз. Содан кейін сүзгіні қарама-қарсы жақтарының ұшынан ұстап, алып тастаңыз. Ыдысын алыңыз. Кейде сүзгіні ыдыспен бірге алу оңайырақ болады.

Шырынсыққыштың барлық алынбалы бөліктерін жуыңыз. Металл ысқыштарды, щеткаларды немесе түрпілі тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Жуу үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз. Жуғаннан кейін барлық жуылған бөлшектерді сүртіп, кептіріңіз.

Мотор бөлігін ағын сумен жууға болмайды. Оны дымқыл шүберекпен сүртіңіз және құрғатып сүртіңіз. Қозғалтқыш осі (білігі) аймағында корпуста су мен шырынның түсуіне жол бермеңіз. Егер осы жерге сұйықтық төгілетін болса, оны дереу сүртіңіз және келесі қосар алдында мотор блогын мұқият құрғатыңыз.

Шырынсыққышты жуған кезде ыдыс жууға арналған кәдімгі паролон губканы қолданыңыз. Торды екі жағынан тазалаған жөн.

## Күтім жасау және сақтау

Шырынсыққышты жиналған түрде балалардың қолы жетпейтін салқын және құрғақ жерде сақтаңыз.

Тікелей күн сәулелерінің түсуіне жол бермеңіз.

## Ақауларды жою

### Шырынсыққыш қосылмайды

Ықтимал себебі	Шешімі
Мотордың қызып кетуі	Шырынсыққышты желіден ажыратыңыз. 1-2 сағат салқындатыңыз

### Шырынсыққыш қосылады, бірақ сығу режимін таңдағаннан кейін сығу басталмайды

Ықтимал себебі	Шешімі
Қақпақты бұғаттау тұтқасы дұрыс қосылмаған	Қақпақтың орнатылуын тексеріңіз. Ол саңылаулар жасамай тегіс жатуы керек. Бұғаттау тұтқасының қақпаққа мықтап еніп, бекітілгенін тексеріңіз

## Шырын сыққаннан кейін шырынсыққыштың құрамбөліктері боялып қалған

Біқтимал себебі	Шешімі
Құрамында бояғыш пигменттер бар өнімдерді өндеген кезде, шырынсыққыштың пластик бөліктері боялуы мүмкін. Бұл шырынсыққыш жұмысының сапасына мүлдем әсер етпейді	Дақтарды кетіру үшін оларды өсімдік майына малынған майлықпен немесе шүберекпен сүртіңіз

## Техникалық сипаттамалары

1. Кернеу: 220-240 В, 50/60 Гц
2. Қуаты: 800-1000 Вт
3. Электр тогынан зақымданудан қорғау класы: II
4. Біліктің айналу жылдамдығы: 16000 айн/мин ± 15 %
5. Үздіксіз ең көп жұмыс істеу уақыты: 30 минут
6. Баусымның ұзындығы: 1,1 м
7. Құрылғының өлшемі: 370 x 234 x 408 мм
8. Орамның өлшемі: 380 x 255 x 425 мм
9. Таза салмағы: 4,1 кг
10. Жалпы салмағы: 4,8 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл  
Кепілдік мерзімі: 1 жыл  
Тауар сертификатталған



Өндіруші: Фошань Сити Наньхай Фулибао Илектрик Эплаенс Ко., Лтд 5 Синье Роуд, С Дистрикт, Шишань Саентифик, Текнолоджикэл Энд Индастриал Гар- дэн, Наньхай Эриа, Фошань, Гуандун, Қытай.

Импорттаушы: «Аэро-Трейд» ЖШҚ, 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная к-сі, 3-үй, X лит., 1-кеңсе.

Шығарылған ел: Қытай.

РФ аумағында шағымдарды қабылдайтын уәкілетті ұйым:  
«Аэро-Трейд» ЖШҚ, 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная к-сі, 3-үй, X лит., 1-кеңсе.

Өндірушінің жедел желісі: 8-800-775-56-87 (дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30 бен 17:30 аралығында), info@kitfort.ru

Сервис орталықтарының мекенжайларын жедел желі операторынан немесе kitfort.ru сайтынан білуге болады

Ерекше кәдеге жарату талап етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін осы объектіні кәдімгі қалдықтардан бөлу және оны ең қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату, мысалы, кәдеге жарату бойынша арнайы орындарға тапсыру қажет.

Жасалған айы мен жылы қаптама қорабының төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында, қосымша түрде мәлімдеусіз, бұйымның дизайнына, жиынтықтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы.

## Сақтық шаралары

Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Нұсқаулықты әрдайым қолжетімді жерде ұстаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық жағдайларда пайдалануға арналған және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және өнеркәсіптік емес және коммерциялық емес пайдалану үшін басқа ұқсас орындарда қолданылуы мүмкін.
2. Шырынсыққышты тек мақсатына қарай және осы нұсқаулықта берілген нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны мақсатсыз пайдалану тиісті пайдалану шарттарын бұзу болып есептеледі.
3. Құрылғыны электр розеткасына қосар алдында, онда көрсетілген электр қуаты параметрлерінің пайдаланылатын қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Электр тогынан зақымдануды болдырмас үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Шырынсыққышты қуат баусымынан ұстап тасымаңыз. Ашаны розеткадан ажыратқан кезде қуат баусымынан тартпаңыз.
6. Егер шырынсыққыштың қуат баусымы, ашасы немесе басқа бөлшектері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогынан зақымдануды болдырмас үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға жүгініңіз. Құрылғыны дұрыс құрастырмаудың пайдалану кезінде электр тогынан зақымдану қаупін арттыратынын есіңізде ұстаңыз.
7. Балаларға, физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға шырынсыққышты пайдалануға тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың бақылауымен немесе құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаудан өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Балалардың құрылғымен ойнауына рұқсат бермеңіз.
8. Жанында балалар немесе үй жануарлары болғанда, шырынсыққыштың жұмысын бақылаңыз.
9. Жұмыс істеп тұрған шырынсыққышты қараусыз қалдырмаңыз. Егер құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз немесе қызмет көрсетуді жүргізер алдында, оны өшіріңіз және желіден ажыратыңыз.
10. Шырынсыққышты тек тұрақты көлденең бетке, қабырға мен үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта орнатыңыз.

11. Құрылғыны қосу бұғаттамасын айналып өтуге тырыспаңыз.
12. Қозғалмалы бөлшектермен жанасуды болдырмаңыз.
13. Құрылғыны 30 минуттан ұзақ үздіксіз пайдаланбаңыз. 30 минут жұмыс істегеннен кейін, құрылғының салқындауы үшін кем дегенде 10 минутқа үзіліс жасау керек.
14. Ингредиенттерді салу ойығына итеру үшін тек итергішті ғана пайдаланыңыз. Жарақат алудың және шырынсыққыш зақымдалуының алдын алу үшін бұл үшін бөгде заттарды қолданбаңыз.
15. Білік (айналдырғы) аймағында корпусқа су мен шырынның түсуіне жол бермеңіз.
16. Шырынсыққыштың құлауына жол бермеңіз және оны соққыларға ұшыратпаңыз.
17. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
18. Тек өндіруші ұсынатын керек-жарақтар мен толымдаушыларды пайдаланыңыз. Өзге қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының бұзылуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.

ІМ-4